



KazNU Science · КазУУ Ғылымы · Наука КазНУ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH
NATIONAL UNIVERSITY

ХАББАРШЫ

ВЕСТНИК

JOURNAL

Медеубекұлы С.
Замансөз және замансөзгер

Мақала төлиесі алғаш рет «замансөз» деген термин ұсынып, оның мағыналық астарын ашады. Қоғамдық санаға ақпарат арқылы қозғау салу өнерінің бес саласы – қимылсөз, дыбыссөз, бейнесөз, шешенсөз және көсемсөздің басын біріктіретін ортақ атау ретіндегі мүмкіндігін саралайды. Бұрын қолданылып келген «публицистика» деген аталымның мағыналық аясының тым тар екендігіне көз жеткізеді. Публицистика аталымының белгілі бір қоғамдық формацияға ғана қызмет еткенін, ол формацияның заман көшінен қалғандығын, қазірде мүлдем басқа қоғамдық жүйе қалыптасып келе жатқандықтан бұл аталымның қолданыста болуы заман көшіне қалғандық екенін сараптайды. Бұл сала туралы ғылыми тұжырымдар ұсынған Ахмет Байтұрсынов, Рәбиға Сыздық, Зәки Ахметов, Намазалы Омашевтердің пікірлерін тілге тиек ете келе өз қорытындысын ғылыми айналымға қосады.

Түйін сөздер: замансөз, замансөзгер, мақала.

Medeubekuly S.
Publicizm and publicist

The article discusses the problems of journalism and publicizm. The author proposes a new term «zamansöz» (publicizm) and «zamansözger» (publicist).

Key words: publicizm, publicist, article.

Медеубекұлы С.
Публицистика и публицист

Автор статьи впервые вводит и обосновывает термин «замансөз» (публицистика). Исследует факторы влияния публицистики на общественное сознание. Доказывает, что существующие ранее термины не полностью соответствуют сути и смысловому содержанию понятия публицистика.

Исторически публицистика выступала как общественный институт, что на сегодня не актуально. Автор доказывает, что традиционные формы терминов устарели.

Автор изучает концепции и научные формулы таких исследователей как А.Байтұрсынов, Р.Сыздық, З.Ахметов, Н.Омашев, также занимавшихся данной тематикой.

Ключевые слова: публицистика, публицист, статья.

ЗАМАНСӨЗ ЖӘНЕ ЗАМАНСӨЗГЕР

Бұрын-соңды зерттелмеген мәселе төңірегінде айтылар ойдың айқындығы тілдік қолданыстағы аталымдардың мағынасының қаншалықты түсінікті болғанына да байланысты. Өйткені, ғылым тек ғылым үшін емес, қоғам, мемлекет, халық үшін қызмет етеді. Олай болса, біз әуелі ғылыми қолданыста, бұқаралық ақпарат құралдарының тілдік айналымында жүрген «публицистика», «көсемсөз» және бұрын айтылып, енді ғана тілдік пайдалану аясына кірген «шешенсөз», соңғы кезде айтыла бастаған «замансөз» сияқты атаулар төңірегінде қозғалар ойлардың басын ашып алуымыз керек. Рас, ендігі жерде «көсемсөз» деген аталым бұған дейін қолданылып келе жатқан «публицистика» деген терминнің толық мағынасын ашып бере алмайды. Бере алмайтын себебі – көсемсөз жазбаша дүниеге келген қоғамдық сананы қозғайтын жарияланған жазындардың ғана атауы болып қалады. Қоғамдық сананы оятатын, жұртты іске бастайтын, әрекетке жетелейтін, рухтандыратын, жігерлендіретін, мемлекеттік мүддеге ұйыстыратын, ұлттық мақсатқа ұымдастыратын ауызша айтылған салмақты, салмақты пікірлер шоғыры бұл аталым аясына кірмей қалады. Ондай пәрменді сөздер жиынтығын «шешенсөз» деп атау Ахмет Байтұрсыновтан басталған.

Ахмет Байтұрсыновтың «Көсемсөз-шешенсөз сияқты әлеуметке айтқанын істету мақсатымен шығарылатын сөз. Шешенсөзден мұның айырылатын жері – шешенсөз ауызша айтылады, көсемсөз жазумен айтылады»¹, - деген анықтамасы бар. Ахаң зерттеу еңбегінде әуелі шешенсөзді айтып барып, содан соң көсемсөзді соған ұқсата анықтайды. Оның басты себебі – көсемсөз, яғни «әлеуметке айтқанын істету мақсатында шығарылған сөздің» жазбаша түрі қоғамдық ой айту құралдары- газет, журнал шығарыла бастағаннан соң ғана пайда болды. Ал қазақ ортасына газет, журнал кешегі XIX ғасырда ғана келді. Оған дейін қазақ даласындағы қоғамдық ойдың бәрі ауызша айтылды, ауызша таратылды. Оны Ахаң шешенсөз деп атап, көсемсөзден бұрын ауызға алып отырғаны сондықтан. Екеуі егіз ұғым. Екеуінің анықтамасын қосқанда бүгінгі біз айтып жүрген «публицистика» ұғымы шығады. Қоғамдық пікір тудырушы, қоғамдық ойды алға жетелеуші әрі сол пікір мен ойдың жүзеге асуына ықпал етуші өнерді ұлт көсемі екі түрге бөлген екен:

әуелгісі шешенсөз, кейінгісі – көсемсөз. Пікір мен ойдың жүзеге асуына ықпал етуші өнердің осы екі түріне ортақ атау «публицистика» деген сөзге құлақ та, тіл де үйреніп қалғандай көрінеді. Бірақ, бұл сөз ұлттық ділге сіңіп кете алған жоқ. Сіңісе алмай келе жатқанының басты себебі сөздің қазақша еместігінде. Қараңыз: Публицистика. Ол екі түрге бөлінеді: – шешенсөз және көсемсөз. Арғы тегінің атауы қазақша емес те, бергі екі тармағының аты қазақша [1]. Бұл тұрғыдан қарағанда «әу баста қазақ деген халықта қоғамдық сананы қозғау өнері болмаған» деген ұғым атойлап алға шығады. Әрине, олай болуы мүмкін емес. Ондай ұғымды қалыптастыруға ең алдымен орыстық шовинизммен қаруланған кенестік идеология көп күш жұмсағаны тарихтан белгілі. Жер бетінен қазақ деген ұлттың мәдениетін өшіріп тастау пиғылымен жүргізілген саясат төлтума құндылықтардың барлығына кешенді түрде шабуыл жасаған. Шабуылға қазақ руханияты бетпе-бет келді. Бетпе-бет шабуылдың құрбандығы – сол ұлттық руханияттың бір саласы шешенсөз болатын.

Қазақ ұлты да адамзаттың бір бөлігі. Ол да өз ана тілінде қоғамдық сананы қозғайтын өнердің шеберлік шыңына шыққан халық. Бірақ, сол өнерді зерттеу сәл кенжелеу қалған соң ғылыми ойды бұрынырақ жазып қалыптастырған елдің аталымдарын еріксіз қолданып келдік. Еріксіз дегеннің сырын Р. Сыздық былай ашып көрсетеді:

«...Көптеген тілдердің тәжірибесінде шеттен енетін сөздер сол сөздерді қабылдаған тілдің фонетикалық заңдарына икемделіп, өзгеріп айтылады және сол өзгерген түрінде жазылады. Бұл тіл – табиғатына тән ортақ заңдылықтардың бірі. Осыған қарамастан, 1940 жылдардан бастап орыс жазуы – кириллицаны қабылдаған бірқатар түркі халықтарының тілдеріне орыс тілінен соңғы кезеңдерде енген сөздерді сол тілдегі қалпынша жазып, жазылған түрінше айту тәжірибесі орын алды. Бұған, сөз жоқ, кейде жұқалап, кейде ашық жүргізілген орыстандыру саясаты басты себепкер болды, яғни орыс графикасына көшуіміз де, міндетті түрде орыс тілін екінші тіл ретінде мектептен бастап үйрену қажеттілігі де, жоғары оқу орындарында білім алудың негізі орыс тілінде жүргізілуі де (көлбеулеген – С.М.) баршасы орыс тілінен енген сөздерді «бас аяғы бүтін» күйінде орысша тұлғалауға, орысша айтуға итермеледі. Тіл табиғатына қайшы келетін бұл тәртіп нормаға айналды» [2]. Ғалымның қынжылысы орынды. Әйтсе де алдағы өмірге үлкен үмітпен қарасақ, қазір тәуелсіз ұлттық ғылы-

ми ой ешбір елдікінен артта қалып отырған жоқ, кейбірінен озып та кетті. Ендеше ұлт тіліндегі ғылымның өз аталымдары болуы заңды нәрсе.

Аталым бұқаралық қолданысқа түсуі үшін де оның мағынасы әркімге түсінікті болғаны жөн. Әркім толық түсінгенде ғана жаппай қолдана бастайды. Осы тұрғыдан келгенде бізге жапонның, корейдің, қытайдың, моңғолдың т. б. ұлттардың сырттан енген аталымды өз ана тіліне енгізу тәжірибесін қолданған дұрыс деп ойлаймыз. Оның үстіне «публицистика» атауының астарынан өткен ғасырлардағы қазақ даласын отарлау идеологиясын санаға батпандап кіргізген алып күштің салмағы сезіледі, бергісі – орыстандыру, кеңестендіру, арғысы – еуропаландыру пиғылының лебі еседі. Ондай салмақ пен леп бүгінгі тәуелсіз қазақтың ұрпағының сана азаттығы, рух бостандығына кедергі келтіреді, еңсесін көтертпейді. Сырттан күштеп енгізілген мағынасы да, тұрпаты да жат сөзді санадан сылып тастау арқылы отарсыздануға қарай бір қадам жылжыған боламыз. «Публицистика» атауын қазақшалаудың саяси-әлеуметтік мәнінің бірі осында. Дәл осы тұста Ахмет Байтұрсынұлының мына пікірін келтіре кеткен орынды деп білеміз:

«... біз қазақ сөзін ескі, жаңа деп талғамаймыз, жергілікті сөз екен деп, ол жағынан қатал қарап, қашып тұрмаймыз. Жалғыз-ақ біздің мықтап қашатынымыз – жатшылдық (жат сөзшілдік). Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени (өркениетті – С.М.) жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан, мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болып, жоғарыда айтылған талғау салтының шарты орындалған болады» [3]. Ендеше, «публицистика» деген аталымның қазақша баламасын Ахаң секілді қазақтың өз тілінен іздеген жөн. Ахмет Байтұрсынұлының осы ұғымға қатысты негізгі қолданған сөзі – «әлеумет». Осыны ескеріп, әлеуметке дегенін істету үшін ауызша немесе жазбаша түрде айтылған сөздердің мағыналық һәм мәндік жиынтығын «әлеуметнама» деп атап, мағынасын «әлеуметке айтылған сөз», «әлеумет туралы баян», «әлеуметке қатысты пікірлердің жиынтығы» деп қолданысқа алсақ, түйсігімізге түйткіл салмас, керісінше түсінігімізге жақын болар. Бірақ, бұл аталым да қазіргі ұғымымыздағы мағынасын то-

лық ашып бере алмайды. Өйткені, әлеумет белгілі бір қоғамда өмір сүреді, сол қоғамның саяси жүйесін қалыптастырады, сол жүйеге қызмет етеді. Егер тек әлеумет жайында сөйлесек, онда әлеумет өмір сүрген айнала, орта, заман назардан тыс қалып қояды. «Әлеуметнама» деген аталымның тағы бір мағыналық реңкі «жазылған, тасқа басылған шығармалар жиынтығы» деген түсінікте көрінеді. Онда ауызша баяндар қолданыстан сырт қалмақ.

Сырттан келген аталым я термин кәсіби қолданысқа енгеннен кейін ұлттық баламасыз да айналымға түседі. Уақыт өте келе астарындағы мағына мен ұғым ұлттық санада айқындалады. Айқындалған сол ұғым, түсініктердің жиынтығы қорытылады да ұлт тіліндегі баламасы табылады. Мұндай үдеріске түспей-ақ, бірден қолданысқа ұсынылған аталымның бірі «заманхат». Бұл атауды кезінде Ахмет Байтұрсынов ұсынған. Ол кісі бұл екі сөзді «заман хат» деп бөліп жазған еді. Және оның мағынасын былай түсіндіреді: «Біреудің заманында болған тарихи уақиғадан яки өз ішінде –болған істерден дерек беруі – заманхат деп аталады. Мәдени жұрттың адамында заманында болған көзге түсерлік уақиғаларды яки өз өмірінде ұшыраған зор істерді жазып, әңгіме ретінде тіркеп отыратын әдет болады. Заман хат шежіредей емес, тәртіпті, жүйелі келеді. Шежірені хат білетін адамдар құр тіркей беруге болады. Заман хатты оқымысты адамдар жазады. Сондықтан мұнда құр халық аузында әуезе болып жүрген дәлелсіз сөздер жазылмайды. Заман хатта уақиға уақыт сарынымен жазылмайды, іс сарынымен жазылады» [4]. «Заман хат» деген тіркесті «Ақиқат» журналы тұрақты айдар ретінде әр санында ұсынады. Біздің түсінуімізше бұл айдар астында заман туралы жазылған материалдар жарияланады. «Публицистика» деген аталымның орнына қолданылғанмен, бұл сөз оның толық мағынасы мен мәнін ашып тұрған жоқ. Өйткені, бұл тек хатқа түскен қоғамдық ойларды ғана қамтиды. Ауызша айтылған заманауи сөздер бұл атаудың аясында жоқ. Соңғы кезде ел назарына ұсынылып жүрген баламаның бірі – «замансөз». Тегінде «публицистика» деген кірме сөздің ұлттық ұғымға ең жақын әрі мағыналық аясы кең баламасы осы болмақ. Мұндағы «заман» сөзінің аясына адам тіршілік еткен қоғам, қоғам өмір сүрген уақыт пен кеңістік тұтас сиып кетеді. Ол бүгінгіні де, кешегіні де, ертеңгіні де қамтиды, басқаша айтсақ, «заман» ұғымы адамзат жаратылғаннан бергі тарихты, бүгінгі сан-салалы қоғамдық қатынастар қазанында қайнап жатқан болмысты және сол болмыстың

ертеңге жалғасымын тұтастандырып тұрады. Ал сол заман туралы айтылған ой-пікірлердің дыбыстық-таңбалық жиынтығын «сөз» деп ата-сақ, «публицистика» дегеннің мағыналық ауқымынан әлдеқайда кең, салмақты әрі жан-жақты «замансөз» деген атау келіп шығады. Замансөз деп – заңда тиым салынбаған кез келген жолмен қажетті ақпарат алып тиімді тарату арқылы қоғамдағы күрделі мәселелерді мемлекеттік, ұлттық, бұқаралық мүдде тұрғысынан заман талабына қарай қозғау әрі оларды шешу жолдарын заманауи таным тұрғысынан түсіндіру және сол іске жұмылдыру үшін әлеумет алдында қимыл арқылы ишаратталған, немесе бейнелер арқылы көрсетілген, әйтпесе дыбыс арқылы жеткізілген, немесе ауызша айтылған, болмаса жазбаша жарияланған деректі де дәйекті сөздердің жиынтығын айтамыз. Соны қолданысқа алсақ, яғни «замансөз» деген аталымды тілдік айналымға енгізсек, сол арқылы да ұлттық ұғымымыз бен пайымымыз батыстық санатаным (идеология) құрсауынан арыла түсер еді. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарында айтылған салмақты ойларымен сананы қозғауға үнемі белсене атсалысып жүрген қайраткер-қаламгерді ғана «публицист» деп қабылдап келген ғылыми таным енді бұл мәселеге кеңінен қарайды. Өйткені, қоғамдық сана тек жазған мақалалар арқылы ғана қозғалмайды екен. Электрондық технология дамыған мына заманда радио мен телевизияда ауызша айту арқылы да пікір туғызып, жұрт назарын мемлекеттік, бұқаралық мүддеге қарай бұруға болатынын уақыттың өзі күн сайын дәлелдеп келеді. Ендеше публицист қызметі газет-журналдармен шектелмейді.

Қоғамдық санаға: а) қимылсөз арқылы; ә) дыбыссөз арқылы; б) бейнесөз арқылы; в) шешенсөз арқылы; г) көсемсөз арқылы қозғау салуға болады. Осы бес саланың басын біріктіретін қазақы аталым керек. Ондай аталым әрине замансөз болып ғылыми айналымға да, бұқаралық қолданысқа да еніп кетті.

Егер біз «публицистика» дегенді «замансөз» деп аударып қолданып жатсақ, (тегінде «замансөз» аталымының ауқымы «публицистика» дегенге қарағанда әлдеқайда кең әрі салмақты әрі терең) онда «публицист» дегенді де аударып немесе баламасөз тауып қолдануымыз керек. Бұған дейін тілдік қолданысқа еніп, санаға орнығып қалған «публицист» деген атауды да ұлт тіліне аудару, оны қолданысқа енгізу аз уақыттың шаруасы емес. Алдымен оның да өз тіліміздегі баламасын іздестірсек, аузымызға әуелі ілінгені – «сөзгер» деген балама. Бұл «зергер» деген ха-

лықтық ұғымның сыңарындай болып санаға тез сіңер еді. Бұған дейін осыған мағыналас тіркесті ғалымдар Зәки Ахметов те [5], Н. Омашев та [6] «сөз зергері» деп қолданған еді. Бұған дейін «публицист» дегенді «көсемсөзші» деп келдік, бұл атау осы кәсіптің иесі екенін аңғартса да, нағыз шебері екенін толық білдіре алмайды. Мысалы, «ші» жұрнағынан гөрі «гер» жұрнағы кез келген атауға мағыналық жағынан сапалылық үстейді. Оның үстіне сол істің майталман шебері екендігін білдіреді.

Тегінде қарымды қаламгер тек жазып қана әлеуметтік мәселе қозғап қоймайды, ол сол жазғанында көтерілген мәселені жиналған көпшілік арасында ауызша да айтып жүреді. Сондықтан да қоғамдық ойды жазбаша да, ауызша да жариялауға машықтанып, шеберлік шыңына шыққандарға «сөзгер» деген атау лайықты.

«Сөзгер» дегеннің астарында қоғамдық салмақ бар. Сол салмақты «айтушы» деген аталым түгел көтере алмай ма деген де күдігіміз жоқ емес. Өйткені, қоғамға, әлеуметке, белгілі бір жағдайға, оқиғаға, жаңалыққа қатысты пікірді кез келген ортада көзіқарақты кез келген адам да айта алады. Егер шешенсөздің бір айтыны – ақыл десек, сол ақылды жасы үлкендердің айтпай тұра алмайтыны кем де кем. Олар да – өз дәрежесінде айтушы. Аңыз айтып берген адамды да фольклористикада «айтушы» дейді. Замансөз теориясында айтушы – ақпарат жеткізуші, негізгі ойдың төлиесі (авторы).

Бұрынғы «публицист» дегеннің орнына бүгінгі өркениеттік сананың танымына сай келетін, қоғамдық-саяси мәні бар салмақты атау болғаны жөн. Сондықтан, «сөзгер» дегенді қолданып көргенге теріс қарамайтындар қоғамдық санаға қозғау салу өнерінің ауызша түрінің кәсіби деңгейіне жеткендерді «шешенсөзгер» деп, ал жазбаша түрінің кәсіби деңгейіне жеткендерді «көсемсөзгер» деп атауға да қарсылық білдіре қоймайды. Ал, жалпы, «публицист» дегеннің баламасы ретінде «замансөзгер» деген атауды қолданысқа енгізуге қарсы болмайтындар да көп. Бәріне уақыт төреші.

Замансөз саласындағы сөзгерлер өз атына сай ой қозғауға, сөз айтуға, сөйтіп, қоғамдық сананың алдында жүруге ұмтылатыны сөзсіз. Бұл атаулар оларға үлкен жауапкершілік жүктейді. Бұқараның да екінің бірін «көсем» немесе «шешен», болмаса «сөзгер» демейтіні белгілі. Бұл ұсынылған атаулар жеке адамның пікірі болғанымен, ортақ игілікке немкетті қарай алмайтын қазақ балама ретінде қатар қолдана беретіні сөзсіз. «Уақыт төреші» дегенімізбен, қай сөзді кө-

бірек қолданамыз, сол сөз санаға тез сіңетіні де шындық.

Бұрыннан айтып та, жазып та келе жатқан «публицист» деген атау, (кейіннен атак) әуелде жиналған қауымның алдында әлдене туралы үнемі хабарлаушы, құлақтандырушы, әлденеге үгіттеуші, әлденені насихаттаушы, жарнамалаушы адамға, маманға қатысты айтылды. Осыған саяси-әлеуметтік мән беріліп, газет-журналға жұрттың назарын аударар, санасын жаулар сөзді жалықпай жазатындарды ерекше атап, дәрежесін көтеріп, өзгелдерден мәртебесін арттыру үшін қошемет атак мағынасында қолдануды және оны өз идеологиясында ұтымды пайдалануды күшті құралға айналдарған саяси ұйым – Кеңестер одағының коммунистік партиясы болатын. Партияның сөзін сөйлеп, ұранын асқақтатқандарды ғана «публицист» деп атау марапаттағанмен бірдей болды. Қоғамда бұл атауды саяси атак деңгейіне көтеріп, моральдық қолдау ретінде пайдалану, солай қабылдау қалыпты жағдайға айналған. Осы ұғым мен түсінік кейін ұлттық сана қайта оянғанда ұлттық, халықтық мәселелерді батыл айтып, билік бишігінен жасқанбай жазатындарды «публицист» деп атай бастадық. Бірақ бұл да тұрлаусыз атау болып шықты. Тұрлаусыз болатыны – заман өзгерді, қоғамдық жүйе ауысты, құндылықтар алмасты, саясат бағыты басқа жаққа бұрылды, ұлттық ұғымның қанат жаюына мол мүмкіндік ашылды, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі бекітіліп, ғылым тілінің қалыптасуы қарқындады, қазақша атаулар мен аталымдардың, терминдердің қажеттілігі туды. Тәуелсіздік бұрын бір ғана мемлекеттің шеңберінде, бір ғана уақыттың аясында жазатын сөзгерлерге енді бүкіл адамзаттық кеңістікте ойы жеткен жерге дейін қамтып жазу еркіндігін алып берді. Бұрын тордағы тотыдай тұралаған ақпарат азаттық алып, әлемдік ауқымға құлаш сермеді. Бұрын бір ғана формацияның шеңберінің аясында ғана сөйлейтіндер енді бірнеше формацияның айдынында еркін жүзетін болды. Бір ғана уақыттың сөзін емес, бірнеше уақытты қамтыған заманалар сөзін сөйлейтін мүмкіндікке ие болды. Және ондай дарындыларды дәл сондай ауқымда қабылдай алатын, бағалай білетін деңгейге көтерілген ұрпақ сахна төріне шықты. Кешегі кеңестік уақыт берген «публицист» атағын арқалап жүргендер қоғам, халық алдындағы мәртебесінен айырылып қалғандай күй кешті. Оның ол атағы бұрынғы ұғым, түсінік, құндылықтармен бірге кетті. Жаңа қоғам жаңа таным мен талғамды қажет етті. Жаңа

талғам мен таным жаңаша түсініктер мен ұғымдарды тудыра бастады. Қазір тіпті «публицист» деген атау белгілі бір жиналған ортаға ғана әсер-ықпалы жүретіндерге қарата айтылатын болды. Әртістер арасында бар «играет на публику» деген кекесін саясаткерлерге де айтыла бастады. Сөйтіп, бұрынғы «публицист» деген атақ-даңқтың құны мен бағасы өзінен өзі түсе бастады. Оның үстіне «публицист» деп тек тірілерді және дәл бүгін, осы шақта, нақ осы шақта айтып, жазып жүргендерді айту қалыптасқан. Өмірден озған адамдарға қатысты айтылса, «өлген адамның алдында қандай публика?» деген сұрақ көлденеңдеп, тілге тұсау, ойға қамау болды. Енді қазіргі талғам мен таным заманның

сөзін сөйлей алатындарға ғана көңіл аударады. Егер Ахаң ауызша айтылған замана сөз жиынтығын «шешенсөз» деп, ал жазбаша жеткізілген замана сөз жиынтығын «көсемсөз» деп белгілессе, бүгінде осы екеуін де меңгерген шешен де көсем тұлғалар көптеп шыға бастады. Оларды замансөзгер деп атау үрдіске айнала бастады.

Замансөзгер деп – кейде мінберден, кейде тікелей эфирден, кейде баспасөзден заман тудырған күрделі мәселелерді ұлттық-мемлекеттік мүдде тұрғысынан үнемі пәрменді әрі дәлелді көрсететін, айтатын немесе жазатын әрі оларды шешу жолдарын түсіндіретін және сол іске жұмылдыруға бастай алатын шығармашыл-күрескер адамды айтамыз.

Әдебиеттер

- 1 А.Байтұрсынов. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989, 160 б.
- 2 Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. (Емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000, 161б.
- 3 Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989, 151 б.
- 4 Ахметов З. Ақын. Кітапта: әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996, 4 б.
- 6 Омашев Н. Ақпарат әлемі. – А.: Қазығұрт, 2000, 86 б.

References

- 1 A.Baitursynuly. Shyarmalary. – Almaty: Zhazushy, 1989, 160 б.
- 2 R.Syzdyk. Kazakh tilinin anyktagyshy. (Emle, tynys belgileri, soz sazy). – Astana: Elorda, 2000, 161 б.
- 3 A.Baitursynuly. Shyarmalary. – Almaty: Zhazushy, 1989, 151 б.
- 4 Z.Akhmetov. Akyn. Kytapta: Adebiettanu terminderinin sozdigi. – Almaty: Ana tyli, 1996, 4 б.
- 6 N.Omashev. Akhparat alemi. – A., Kazygurt, 2000, 86 б.